

№1-бжб «Өзім туралы» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Тапсырма. Тыңдалым

1. Мәтінді тыңда. Тапсырмаларды орында.

Менің атым - Әлихан. Мен қалада тұрамын. Қысқы демалыста мен ауылға барамын. Ауылда атам мен әжем тұрады. Ауылда мен балалармен бірге шанамен сырғанаймын. Қардан аққала жасаймын. Шаңғытебемін. Атаммен орманға барамын. Атам мен әжеме көмектесемін. Ауыл маған қатты ұнайды.

1) Әлихан қысқы демалыста қайда барады? Белгіле (□).





Қалаға

Ауылға

Тауға

Теңізге

2) Әлихан демалыста не істейді? Сәйкес суреттерді белгіле (□).



Айтылым

2. Сен бос уақытыңды қалай өткізесің? Әңгімеле.

- Бос уақытыңда не істейсің?
- Бос уақытыңда қайда барасың?

Тірек сөздер: сурет салу, ойнау, кітап оқу, бассейнге бару, суда жүзу, құрастыру, серуендеу, мультфильм көру, киноға бару.

№	Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл	Балл
			Білім алушы		
1	Сәйкес суретті анықтап, сұрақтарға жауап береді	1	мәтіннің мазмұны бойынша сұраққа жауап береді;	1	
2			кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты бірінші суретті анықтайды	1	
3			кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты екінші суретті анықтайды;	1	
4	Тақырыпқа қатысты сөздер мен сөз тіркестерін орынды пайдаланады	2	сұрақтарға жауап бере отырып, бос уақытын сипаттап айтады	1	
5			сөйлемнің құрылымын сақтайды	1	
6			сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды	1	
7			сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына	1	

		қарайорынды қолданады		
Барлығы:			7	

№2-бжб «Менің отбасым және достарым» ортақ тақырыбы бойынша бағалау

Тапсырма. Оқылым

1. Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Менің досым бар. Оның аты - Марат. Біз екінші сыныпта оқимыз. Марат өте жақсы оқиды. Ол музыка мектебіне барады. Біз бір үйде тұрамыз. Мектепке бірге барамыз. Сабақтан кейін бірге қайтамыз. Марат - жақсы дос.

1) Көп нүктенің орнына тиісті сұрақтар қойып, сөйлемді толықтыр.

Балалар сыныпта оқиды?

Марат барады?

Керекті сөздер: қайда? нешінші?

Жазылым.2. Суретке мұқият қара. Сурет бойынша сұрақтарға жауап жаз.



1) Отбасында неше адам бар? _____

2) Атасы не істеп отыр? _____

3) Отбасы қандай? _____

«Үлгілі отбасы» тақырыбында мәтін құрастыр.

№	Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл	Балл
			Білім алушы		
1	Сұрақ қояды және жауап береді	1	бірінші сөйлемді сәйкес сұрақпен толықтырады;	1	
2			екінші сөйлемді сәйкес сұрақпен толықтырады;	1	
3					
4	Суретке сүйеніп, сұрақтарға жауап жазады	2	бірінші сұраққа жауап береді	1	
5			екінші сұраққа жауап береді	1	
6			үшінші сұраққа жауап беред	1	
7			сөздерді сауатты жазады	1	

		жазуда каллиграфиялық нормаларды сақтайды	1	
Барлығы:			7	

**2-сынып «Қазақ тілі» (оқыту қазақ тілінде емес) пәнінен 1-тоқсанға арналған
ТЖБ**

Тыңдалым.


1. Мәтінді тыңда. Тапсырмаларды орында.

Менің атым - Ажар. Бүгін менің туған күнім. Туған күніме ауылдан атам мен әжем келді. Анам дәмді тағамдар дайындады. Маған көп сыйлықтар берді. Ағам маған ертегілер кітабын сыйлады. Мен оған қатты қуандым. Мен кітап оқуды өте жақсы көремін. Менің туған күнім көңілді өтті.

1) Ажардың туған күніне кімдер келді?

- A) анасы мен әкесі
- B) ағасы мен сіңлісі
- C) атасы мен әжесі
- D) мұғалімі мен досы

2) Ағасы не сыйлады? Белгіле (□).



3) Тыңдаған мәтінге сәйкес келетін суретті белгіле (□).





Айтылым

2. Досыңмен сұхбаттас. Досыңның отбасы бос уақытты қалай өткізеді? Досыңа сұрақ қой. Оның сұрағына жауап бер.

Оқылым

3. Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Менің атым – Нұрлан. Менің тамағым ауырды. Мен мектепке бара алмадым. Кешке үйге Қайрат пен Айжан келді. Олар маған өткен сабақты түсіндірді. Қайрат есеп шығаруды үйретті. Біз ертегі оқыдық. Уақытты жақсы өткіздік. Мен қатты қуандым. Менің достарым – өте жақсы балалар.

1) Нұрлан мектепке неге бармады?

- A) ойнап жүрді
- B) ауылға кетті
- C) ауырып қалды
- D) ұйықтап қалды

2) Достары Нұрланға қалай көмектесті?

- A) сабақ түсіндірді
- B) емханаға апарды
- C) дәрі сатып әкелді
- D) бөлмесін жинады

3) Мәтін бойынша 1 сұрақ құрастыр және сұраққа жауап жаз.

Сұрақ: _____

Жауап: _____

Жазылым

4. Суретке мұқият қара. Сурет бойынша сұрақтарға жауап беретін сөздерді анықта.



Кестенің әр бөлігіне 1 сөзден жаз.

Кім?	Қандай?	Неше?	Не істеді?

Барлығы: 10 балл		
------------------	--	--